

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 19 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 4952 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі қорытындысы негізінде, Қазыбек би ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазыбек би ауылдық округіндегі көшелерге келесі атаулар берілсін:
 - 1) Құрбан ата ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге-Болашақ атауы;
 - 2) Құрбан ата ауылындағы Жаңа құрылыс № 3 көшеге-Нұр атауы;
 - 3) Абибулла ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге-Бірыс атауы;
 - 4) Жамбыл ауылындағы Жаңа құрылыс № 3 көшеге-Бірлік атауы;
 - 5) Жамбыл ауылындағы Жаңа құрылыс № 5 көшеге-Байтоғай атауы;
 - 6) Жамбыл ауылындағы Жаңа құрылыс № 7 көшеге-Асылмұра атауы;
 - 7) Жамбыл ауылындағы Жаңа құрылыс № 6 көшеге, Адыр атауы;
 - 8) Әлкен Оспанов ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге-Азаттық атауы;
 - 9) Әлкен Оспанов ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге - Қызылжар атауы;
 - 10) Әлкен Оспанов ауылындағы Жаңа құрылыс № 4 көшеге-Сарыарқа атауы;
 - 11) Әлкен Оспановауылындағы Жаңа құрылыс № 5 көшеге-Ақбұлақ атауы;
 - 12) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге - Ақжайлау атауы;
 - 13) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 5 көшеге - Бейбітшілік атауы;
 - 14) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 7 көшеге - Береке атауы;
 - 15) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 9 көшеге - Ақтоғай атауы;
 - 16) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 10 көшеге - Нұра атауы;
 - 17) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 11 көшеге - Ақжал атауы;
 - 18) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 13 көшеге - Бірлік атауы;
 - 19) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 14 көшеге - Алатау атауы;
 - 20) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 15 көшеге - Теректі атауы;
 - 21) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 16 көшеге - Дархан атауы;
 - 22) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 17 көшеге - Мамыр атауы;
 - 23) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 19 көшеге - Алаш атауы;
 - 24) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 21 көшеге - Мырзашөл атауы;
 - 25) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 24 көшеге - Ақжазық атауы;

26) Қазыбек би ауылындағы Жаңа құрылыс № 25 көшеге -Жетіжарғы атауы.

2. "Қазыбек би ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолдануын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жетісай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жасау ауылдық округі әкімінің орынбасары Б. Кадировқа жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазыбек би ауылдық
округі әкімі*

Д. Уразов